	формула деп бөлінеді? 2.Автотолтырудың қажеттілігі неде? 3.Сандық деректер типтерінің сандық ақшалай, мерзімдік деп бөліну себебі неде? 4.Не себепті формулалар = таңбасынан басталады? Қалыптастырушы бағалау (Керібайланыс) «Домбыра» әдісі <i>Сергіту сәті</i> <u>Қауіпсіздік ережелерін еске түсіру</u> <u>Қосымша тапсырма:</u> (озат оқушы мен қабілеті төмен оқушылар үшін...) Озат оқушы: Өз отбасың жайлы кесте құрастыр Қаблеті төмен оқушы: Дәптеріне Электронды кесте туралы анықтамасын және деректер типтерін жаз.	Сергіту жаттығуларын жасайды. Қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, ноутбукпен жұмыс жасайды. Тапсырмаларды орындайды. Егер сыныпта озық оқушы болса немесе сыныпта ерекше білімді қажет ететін оқушы болса соларға арнайы тапсырма. Немесе уақыт қалып қойып, жұмыстануға берілген тапсырмалар.	Жарайсыздар! Керемет орындадыңыздар! Жұмыстарыңыз дұрыс!	Домбыра Құндылық: «Ұлттық» Құндылық: «заң және тәртіп» Топшама
Сабақтың соңы:	Бекіту «WordWall» платформасындағы «Кездейсоқ сұрақ» әдісі арқылы сұрақтар 1.Деректер типі деген не? 2.Деректер типтерінің қандай түрлерін білесіңдер? 3.Автотолтыру дегеніміз не? 4.Сандық деректер типі дегенді қалай түсінесіңдер? 5.Сандық деректер типі қандай түрлер арқылы сипатталады? 6.Формула типі дегенді қалай түсінесіңдер?	Оқушылар сайт сұрақтарына жауап береді.	Жарайсыздар! Керемет сұрақтарға жауап бердіңіздер! Жауаптарыңыз дұрыс!	«WordWall» сайтындағы тапсырма сұрақтары

	Қалыптастырушы бағалау (Керібайланыс) «Жұлдызша» әдісі Үйге тапсырма Параграфта берілген мысалды негізге ала отырып, Excel-де «Менің жетістігім» атты пәндер тізімінен және білім көрсеткіштерінен тұратын кестені толтырыңдар. Бүгінгі сабақтың табыс критерийіне кері тоқталып, талқылаймыз. Қорытынды (Рефлексия) «3:2:1» әдісі <i>Мен үйренген 3 нәрсе</i> <i>Мен білгім келетін 2 нәрсе</i> <i>Менің бүгінгі сабақ бойынша</i> <i>1 сұрағым</i> Бағалау Бүгінгі сабақтағы дескриптор бойынша алған ұпайларының қорытындысын шығарады.	Оқушылар жұлдыз әдісі арқылы керібайланыс жасайды. Үйге тапсырманы жазып алады. Мұғалім оқушылардан сұраққа жауап алады. оқушылар бүгінгі сабақ бойынша керібайланысқа жауап береді. Әр тапсырмадағы өздерінің ұпайларын қосып, есептеп, бағаға айналдырады.	Жасыл- Барлығы түсінікті болды. Сары – Кейбір сұрақтарына қиналдым. Қызыл- Маған қиын болды. Жарайсыз! Тамаша! Керемет! 8-10 балл – «5»- тік 5-7 балл – «4»-тік 1-4 балл – «3»- тік	Жұлдыз суреті Оқулық Padlet немесе ауызша слайд Бағалау парақтары
--	---	---	--	---



**Ақмола облысы, Қосшы қаласы
“Алтын дән” балабақшасы МКҚК
Музыка жетекшісі
Турхашова Айдана Батыргалиевна**

“Ұлттық аспаптар үндестігі” ұйымдастырылған іс әрекеті

Біртұтас тәрбие аясында ұлттық құндылықтарды байланыстыра отыра өткізілген іс әрекет. Ұлттық тәрбиенің негізі отбасында қалыптасады дегенмен мұнан кейін балабақшаның да ролі зор. Ұлттық тәрбиеден салт – дәстүр ауыз әдебиетінен нәр алып өскен ұрпақ қай кезде де аталар аманатына адал боларына кәміл сенеміз. Ұлттық мәдениетпен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі.

ҮІӨ мақсаты: Қазақтың ұлттық аспаптары жайында танымын кеңейту. Музыка тыңдау, талдау барысында өз ойын жүйелі жеткізе білуге үйрету. Музыкаға қызғушылығы мен ынтасын ояту. Ән айту дағдыларын меңгерту. Жан-жақты білімді, өткір ойлы бала тәрбиелеу. Халық музыкасына деген сүйіспеншілігін арттыру.

Оқушыларға халқымыздың ұлттық аспаптары жайлы түсінік беру. Ұлттық аспаптар оркестрінің құрылуы.

Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары

Қазақ халқының музыкалық мәдениеті ежелгі дәуірлерден бері бай мұра ретінде қалыптасқан. Ұлттық музыкалық аспаптар – қазақ халқының рухани құндылықтарының маңызды бөлігі, олар халықтың тұрмыс-тіршілігімен, тарихымен және өнерімен тығыз байланысты. Бұл аспаптар ұрпақтан ұрпаққа мұра болып, халықтың тарихи жадын сақтауға, ұлттық болмысын айшықтауға қызмет етеді.

ҮІӨ барысында тәрбиеленушілер өзара екі топқа бөлінді.

Бірінші топ - домбыра аспабы болса, екінші топ - қобыз аспабы.

Іс әрекет барысында тәрбиеленушілер түрлі жаңашыл технологиялармен тапсырмалар жасады. Басты мақсат - балалардың ұлттық аспапқа деген қызығушылықтарын түрлі ойын технологиялары арқылы арттыру.





Орал қаласы
Бауыржан Момышұлы атындағы
№46 жалпы орта білім беретін мектебі
Тарих пәнінің мұғалімі
Есенғалиева Дамира Орынбасарқызы

Алаштан шыққан дәрігер-Дәулетшах Күсепқалиев

Андатпа

Алаш қозғалысының көрнекті өкілі, дәрігер Дәулетшах Күсепқалиевтің қоғамдық-саяси өмірге белсене араласып, медициналық білім алып, елдің денсаулық сақтау саласын дамытуға қосқан баға жетпес, ерен үлесі туралы баяндалады.

Алаш қозғалысы Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Бұл қозғалыстың өкілдері білім беру, әдебиет, мәдениет, медицина сияқты салаларда елеулі үлес қосқан. Алаштан шыққан дәрігерлер қазақ халқының денсаулығын жақсартуға және медициналық білімді дамытуға зор үлес қосты. Олар тек медицинамен шектелмей, қоғамдық-саяси қызметтерде де белсенді болды. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы сияқты алаш қайраткерлері дәрігерлердің қызметін қолдады. Бұл дәрігерлердің арасында Халел Досмұхамедов, Ахмет Ниязов, Дәулетшах Күсепқалиев сияқты белгілі тұлғалар болды. Олар медициналық білім алу үшін шетелде оқып, өз білімдерін Қазақстанда қолданды. Алаш дәрігерлері халық арасында санитарлық ағарту жұмыстарын жүргізді. Халық денсаулығы үшін күресіп, аурулардың алдын алу шараларын ұйымдастырды.

Алаш қозғалысының қарқынды жүруіне ерекше еңбек сіңірген тұлғалардың есімдері арагидік болмаса, өз деңгейінде айтылмай да, бағаланбай да келе жатқанына назар аударуымыз қажет. Өйткені Алаш қозғалысы дегенде, көбінесе, біздің есімізге бірнеше белгілі қайраткерлер ғана түседі. Сондықтан көп естіле бермейтін көрнекті қайраткерлердің ұлт пен тарих алдындағы еңбектеріне лайықты баға беру, құрмет көрсету-біздің тарихи жадымыздың беріктігі мен азаматтық адалдығымыздың айғағы болмақ.

Соның бірі және бірегейі -Дәулетшах Күсепқалиев. Қайраткердің атқарған қоғамдық-саяси қызметімен қатар, халықтың денсаулығына, дамуына үлес қосқандығы жалпы Алаштық өкілді дәрігерлік жағынан көпшілік қауымға таныстыруды жөн көрдік.

Дәулетшах Күсепқалиев – Еуропалық білімді игерген алғашқы қазақ дәрігерлерінің бірі, дарынды клиницист және денсаулық сақтауды ұйымдастырушы, қазақтың тұңғыш эпидемиологтарының бірі, қоғам қайраткері. Алаш-Орданың Батыс бөлімінің қайраткері. Ең алғашқы обаға қарсы зертхананың ұйымдастырушысы.

Дәулетшах Күсепқалиев 1874 жылы 23 (25) тамызда Орал облысының Калмыково уезінде ақсүйектер отбасында дүниеге келген. Оның есімі деректерде әртүрлі жазылады: Дәулетше, Дәулетшах, Дәулет, алайда Күсепқалиевтің дұрыс аты Дәулетшах. Дәулетшах Күсепқалиевтің атасы Күсіпқали Орманов болған. [1,142-145 б.].

Дәулетшах Күсепқалиев болыстық орыс-қазақ мектебіне оқуға түсіп, хат таныған. Одан кейін 1887 жылы Орынбор қаласындағы классикалық ерлер гимназиясын оқып, оны күміс медальмен 1895 жылдың 8 маусымында аяқтайды Орынбор гимназиясын күміс медальмен (1895) және Мәскеу университетінің емдеу факультетін (1900, осы университеттің медицина факультетін бітірген тұңғыш қазақ) бітірген. Шыңғыс ханның жиырма екінші ұрпағы, Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың алтыншы ұрпағы. 1917 жылғы II Бүкілқазақ съезінің делегаты және хатшысы, Қырғыз (Қазақ) АКСР-і денсаулық сақтау қызметкерлерінің I съезінің қатысушысы. [2,31 п].

1895 жылы 1 шілдеде Дәулетшах Күсепқалиев Орынбор классикалық гимназиясының ғылым курсын күміс медальмен бітірген соң, Мәскеу императорлық университетінің ректорына сол университеттің медициналық факультетіне қабылдауға өтініш жаза отырып, университеттің барлық ережелері мен қаулыларын қатаң ұстанатындығын айтады. 1895 жылдың 1-інші шілдесінде Император атындағы Мәскеу университетіне қабылданады [3, 19 п].

Дәрігер Дәулетшах Күсепқалиев 1900 жылы 12 маусымда осы оқу орнын тамамдап, императорлық Мәскеу Университетінің Медициналық факультетінде университет жанындағы Медициналық тексеру-сараптама комиссиясынан 1900 жылдың қыркүйек-қазан айларында өтеді. Мемлекеттік

Кеңестің шешімі бойынша аса жоғары бағалауға ие болып, 1900 жылы 14 қазанда барлық артықшылықтар мен құқықтарға ие лекарь атағын алады. Одан кейін арада көп уақыт өтпей Дәулетшах Күсепқалиев дәрігер атағына да ие болады.

Ол кезде қазақ жастарының медицина саласында білім алуы сирек кездесетіндіктен, Күсепқалиевтің бұл жолды таңдауы оның болашақтағы халқына деген қамқорлығының көрінісі еді. Сондықтан осы жолда білім алуға әбден ден қояды.

Оқу орнын бітіргеннен кейін Дәулетшах дәрігер мамандығын игеріп, өзінің еңбек жолын ауылдық жерлерде бастауды жөн көрді. Бұл кезеңде қазақ даласында медициналық көмекке қол жеткізу күрделі мәселе болатын. Жұқпалы аурулардың таралуы мен халықтың төменгі медициналық сауаттылығы жағдайды одан әрі ушықтырды. Осыны ескерген Дәулетшах өз білімі мен біліктілігін халықтың игілігіне арнап, ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау ісіне ерекше көңіл бөлді.

Алаш қозғалысының мүшелері халықтың әлеуметтік, экономикалық және мәдени жағдайын жақсартуды басты мақсат етті. Дәулетшах осы мақсаттарды қолдай отырып, қазақ халқының денсаулығын жақсарту және медициналық көмек көрсету ісіне көңіл бөлді. Оның Алаш қозғалысындағы рөлі медициналық қызметті ұйымдастыру және халықтың денсаулығын сақтау шараларын жүзеге асырумен тікелей байланысты болды.

Бұл кезеңде Батыс Қазақстан аймағындағы дәрігерлік қызметтің басты түрі земстволық медицина болды. 1898 жылдың 8 шілдесіндегі Мемлекеттік Кеңестің «Орал және Торғай облыстарының уездеріндегі дәрігерлік бөлімдерді дәрігерлік учаскелерге бөлу туралы» өкімінен кейін 1899 жылдан земстволық медицинаның дәрігерлік учаскелері Орал облысында да қалыптастырылады. Осы кезеңде Д.Күсепқалиев университетті бітірісімен, Орал губерниясының Жымпиты уезіндегі учаскелік (25 төсектік) ауруханасына дәрігер етіп жіберіледі. Жымпиты ауруханасы, медициналық көмек көрсету үшін қазақ жерінде ең алғаш ашылған үш аурухананың бірі. (1894 жылы ашылған). Ол кезде де жоғары білімі бар дәрігер болмаған учаскелерде орта буынды медицина қызметкерлері жұмыс жасаған. Алғашқы жоғары білімі бар қазақ дәрігері Дәулетшах 1896 жылы ауруханаға келіп еңбек етеді. Ол кезде Жымпиты уезі 36 болысты қамтыған. Бұл кезеңдегі өлкенің санитарлық жағдайы өте ауыр болған. Халықтың өлімінің басты себебі безгек, оба, сүзек аурулары болды және ол аурумен ауырғандардың өліміне ең басты себептің бірі халыққа ауруханалық көмектің болмауы деп көрсетіледі. [4, 60 б.].

Сөйтіп Күсепқалиев өлке халқына дәрігерлік қызмет көрсету жұмыстарының бел ортасында жүреді. 1900 жылдың аяғында Дәулетшах Орал облысы Лбищенск ауданы 2 учаскесінің учаскелік дәрігері қызметін атқара бастады. 1900 жылы 691 687 тұрғыны бар Орал облысында 12 ғана жергілікті дәрігер болған.

1902 жылы өзінің туған жері Тайпак ауылына дәрігер болып келіп, осы өңірде алғаш рет шағын аурухана ашуға ұйытқы болады. Алғашқы жылдары осы өзі ұйымдастырған ауруханада жемісті жұмыстар жүргізеді. Бүкіл Тайпак өңірінде жалғыз дәрігер атанады.

1903 жылдан Орал облысындағы Гурьев уезіне қарасты 2-учаскінің Өлеңті, Қызылқоға, Ойыл, Сүрелі, Есбол, Қарабау, Сламихын, Керімақас, Қайығайшы, Жымпиты, Қиыл, тағы басқа болыстарға дәрігер етіп жұмысқа жіберіледі, әрі осы учаскіде крестьянский начальник, Кермеқас 1 кластық орыс-қазақ училищесінің қамқоршы-попечителі қызметін атқарады. Онда Дәулетшах тек дәрігерлік жұмысын атқарып қана қоймай, қара қазақтың сауатын ашуда өзінің үлкен үлесін қосады. Ол Керімақаста II жылдық орыс-қырғыз мектебін ашуда белсенді қайраткердің бірі болады. Мұндай білім беру саласына қамқорлық етуі сол кезеңдегі өзге зиялы қазақтар сияқты жергілікті халықтың білімалуы қандай деген мәселені толық түсінуімен байланысты болды. Дәрігерлік қызметімен қатар Дәулетшах қазақтар арасына орыс тілінің таралуына үлкен ықпал жасаған.

1912 жылдан бастап Жымпиты земстволық ауруханасының меңгерушісі болумен қатар ол сондай-ақ облыстық земство жиынының қаржысын пайдалана отырып, ауруханада жүйке сырқатына шалдыққандарды емдейтін бөлімше, перзентхана ашуға ұйытқы болды. 1912 жылы Жымпиты земстволық ауруханасының меңгерушісі бола отырып, ол дәрігер Н.А.Селезневпен бірге Жымпиты поселкасының төңірегіне ұялаған обаның шығуына және таралуын жою жұмыстарына белсене қатысады. Ол үшін уақытша обаға қарсы лаборатория мен обаға қарсы дәрі дәрмектер қоймасы ашылады. [5,31 б.].

Ол кезеңде Жымпиты ауруханасы земствоның қаржысымен жұмыс жасаған. Ол аурухананың меңгерушісі ғана болып қоймай, емдеумен бірге ауруды алдын ала болдырмау шараларын жүзеге асыруда алғашқы бастамашы болған. Әсіресе оба, шешек ауруларымен күресте өте көп еңбек сіңірген.

1914 жылы Дәулетшах салына бастаған Тайпақ ауруханасына меңгеруші етіп жіберіледі. Ол өз денсаулығының нашарлығына қарамастан халыққа медициналық қызмет көрсетуде аянбай еңбек етеді.

Аурухананың аяқталуына байланысты ол Жымпитыға қайтып оралады. Бұл жерде өзінің халыққа қызмет ету жұмысын жалғастырады. Оның жұмысының басты бағыты сол кезеңде қазақ халқының арасында белең алып отырған жұқпалы аурулармен күрес шаралары болды. Себебі 1915 жылы Батыс Қазақстанда оба ауруының 116, холераның 92 жағдайы тіркелген

Д.Көсепқалиев Ішкі (Бөкей) қырғыз ордасының дәрігерлері сияқты бірнеше рет Ресейдің көрші губернияларындағы обаға қарсы съездердің жұмысына қатысады. Оның «Орал облысындағы обаның шығуы» деп аталатын алғашқы баяндамасын 1910 жылы Астраханьдағы Астрахань губерниясы мен орал облысындағы обаға қарсы шараларға қатысушылардың съезінде жасады. Бұл съез жөнінде және сол кезеңдегі халық үшін өте қауіпті болып отырған оба мәселесі «Астарахань дәрігерлерінің қоғамының хабарламасының» №2 жарияланады. Ал «Обаның алдын алу шаралары туралы» деп аталатын екінші баяндамасы 1914 жылы Самара қаласындағы съезде жасалып, ол 1914 жылы «Самара қаласындағы обамен күрес жөніндегі съезд еңбектері» деп аталатын жинақта жарияланады. Өз баяндамаларында Көсепқалиев қазақ далаларында дәрігерлік-бақылау пункттерін ұйымдастыру қажеттігін ғылыми тұрғыдан негіздейді. Мұның өзі көп ұзамай қазақ даласында дәрігерлік-бақылау пункттерінің ашылуына, дәрігерлер қатарының артуына алып келді. [4,175 б.].

Кейінгі жылдарында да Алаш ісіне араласып, жұқпалы аурулармен де күресу жұмыстарына үздіксіз араласып отырды.

1934-1944 жылдары Дәулетшах Күсепқалиев: Алматы облысы Қаскелең аудандық ауруханасында, Оңтүстік Қазақстан облысы Келес аудандық ауруханасында, Семей облысының Абай аудандық ауруханасында жұмыс істеді. [6,356.].

Қорыта айтсақ, XX ғасыр басында Ресейдің жоғары оқу орындарында білім алған алғашқы санаулы қазақ жастарының азаматтық ұстанымы тұрғысынан халқына жақын болды, олардың әрқайсысы елінің болашағына өз өмірлерін арнауға даяр тұрды, ұлтын сүйді, халқына адал қызмет етуді мақсат етті. Соның бірегейі бола білген Дәулетшах Күсепқалиев өзінің дәрігерлік мамандығымен өмірінің соңына дейін халқына, туған еліне қызмет көрсетті. Қиын-қыстау күндерде халқының сауығуына, дәрігерлік істің дамуына ықпал етті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сүлейменова. Д. Алашорданың Батыс бөлімінің тарихы – өлке тарихының құрамдас бөлігі. / Д. Сүлейменова – Алматы: Арыс баспасы. – 2007. – 142-147 бб.
2. Батыс Қазақстан облыстық мұрағаты, 4-қор, 1 тізбе, 558 іс.
3. Батыс Қазақстан облыстық мұрағаты, 256-қор, 1 тізбе, 15 іс.
4. Душманов С.Х. Очерки истории медицины и здравоохранения Казахстана.-Актобе:Раст,2000-75с.
5. Самарин Р.И. Очерки истории здравоохранения Казахстана.- Алма-Ата: Казгосиздат, 1958. с-162.
6. Байбулсинова А.С. Дәулетшах Күсепқалиев: қоғамдық-саяси қызметі. Монография/ А.С.Байбулсинова. – Орал қаласы, «DANA орталығы», 2022.- 212 б.



**Атырау облысы, Мақат ауданы
Бәйгетөбе мектеп - бөбекжай кешені
Ортаңғы “Қарлығаш” тобының тәрбиешісі
Елемесова Альбина Есенжановна**

Жасанды интеллекттің мектепке дейінгі білім беру саласындағы рөлі!

Кіріспе

Қазіргі заманда жасанды интеллект (ЖИ) біздің өміріміздің барлық саласына еніп келеді. Ол білім беру жүйесінде де кеңінен қолданылып, оқыту мен тәрбиелеу процесін жетілдіруге көмектесуде. Балабақша деңгейінде ЖИ-дің енгізілуі – жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын заманауи қадам. Бұл технология тәрбиешілердің жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, балалардың білім алуы мен дамуын жақсартуға да ықпал етеді.

ЖИ-дің балабақшадағы маңызы

Балабақшада ЖИ қолдану ең алдымен жеке оқыту әдісін дамытуға мүмкіндік береді. Әр баланың танымдық деңгейі әртүрлі, ал ЖИ олардың қажеттіліктеріне қарай білім беру бағдарламаларын бейімдей алады. Мысалы, арнайы қосымшалар арқылы балалардың сөйлеу дағдылары мен логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға болады.

Сонымен қатар, ЖИ тәрбиешілерге күнделікті жұмыстарын жеңілдетуге көмектеседі. Мысалы, балалардың қатысуын бақылау, ата-аналармен байланыс орнату, оқу жоспарларын дайындау сияқты міндеттерді автоматтандыру арқылы тәрбиешілер балалармен көбірек жұмыс істеуге уақыт таба алады.

ЖИ технологиялары және олардың пайдасы

ЖИ-дің балабақшада қолданылатын негізгі технологиялары:

1. Интерактивті оқу платформалары – ойын арқылы оқытуға арналған қосымшалар балалардың қызығушылығын арттырады.
2. Дауысты тану жүйелері – балалардың сөйлеу қабілетін дамытып, тіл үйрену процесін жеңілдетеді.
3. Бейнебақылау және қауіпсіздік жүйелері – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолданылатын интеллектуалды камералар мен жүйелер.
4. Роботтандырылған көмекшілер – робот-оқытушылар балаларға ертегі айтып, түрлі тапсырмалар бере алады.

Қорытынды

Жасанды интеллект балабақшада оқыту мен тәрбиелеу процесін жаңа деңгейге көтереді. Ол балалардың жеке қабілеттеріне сай білім беруге, тәрбиешілердің жұмысын жеңілдетуге және оқу процесін тиімді етуге көмектеседі. Дегенмен, ЖИ технологияларын дұрыс қолдану және адаммен тікелей қарым-қатынасты алмастырмау маңызды. Білім берудің басты мақсаты – балаларға білім ғана емес, мейірімділік пен адамгершілік қасиеттерді үйрету, ал бұл міндетті тек адам ғана орындай алады.

Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Көктал ауылы**"Саялы" бөбекжай - бақшасының****Екінші санаттағы тәрбиеші****Сейтмуратова Аида Эриковна****Ұлттық ойындармен мектепке дейінгі балалардың танымдық әрекетін дамыту**

Ұлы педагог К.Д.Ушинский жас ұрпақты тәрбиелеуде халық педагогикасының талаптары терең бейнеленген халық ауыз әдебиетінің, әсіресе ертегі жырлары мен мақал-мәтелдерінің, сонымен қатар дәстүрлі ұлттық ойындардың маңызды екенін атап көрсеткен. Ұлттық ойындар ұлт ұлт болып қалыптасқалы халықпен бірге жасасып, ғасырлар бойы ұмытылмай, атадан балағ мұра ретінде ауысып отырған. Олар баланы пайдалы еңбекке, сөйлеуге, мергендікке, тапқырлыққа, ептілік пен күштілікке, бірлесіп қызмет атқаруға, төзімділікке және т.б. тәрбиелеудің ұтымды құралы болған. Қазірде әртүрлі ұлттар ойындары, соның ішінде қазақтың ұлттық ойындары жинақталған кітаптар шығарылуда.

Ұлт ойындары – интернационалдық тәрбиенің құралы. Олай дейтініміз ұлтоындарының арасында өзара үндестік, тығыз байланыс бар.

Ойынға тек ойын деп қарамай, халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды.

Ұлттық ойындар халық педагогикасының бір саласы болып отыр. Ол-сандаған ғасырлар бойы ұрпақтың керегіне жарап, оларды өмірге әзірлеу қажетін өтеуде. Қазақтың ұлттық ойындары тек дүниені ғана емес, ойды жаттықтырушы да болып табылады. Ұлт ойындарын тек ойын деп қарамай, халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған жөн. Өйткені, ойын баланың дүниені танып білуге қадам жасар алғашқы басқышы. Егер баланың алғашқы өмір кезіндегі тікелей айнала қоршаған ортамен байланысын адамдармен, жолдастарымен қарым - қатынасын елеп ескермей өмір тәжірибелерінен қол үзгізіп, бірден өзіне бейтаныс дүниеге мәжбүр етсек, олардың психикалық дамуына кері әсер етуі әбден мүмкін. Оның үстіне бұл тәрбие үрдісінде жақыннан алысқа жай нәрседен күрделіге, жеңілден ауырға, белгіліден белгісізге деген қағидаға да қайшы келмейді.

Қазақ халқының ұлт ойындары жеке адамдарды ғана тәрбиелеу құралы емес, ол бүкіл қоғамдық ортаны өз соңынан ертетін ұлттың азаматын тәрбиешісі, үлгі берершіктей әлеуметтік орта моделін жасаушы ретінде күрделі қызмет атқарған. Ұлттың ойын арқылы жеке тұлғалар қалыптасып, шыңдалып халыққа танылған сол арқылы өмірге жолдама алып, ел ішінде танымал адамдарға айналған. Қазіргідей арнайы мамандық беретін оқу орындары болмаған кезде ұлт ойындары халқымыздың өз ұрпағын тек ойын - сауықтарды бәсекеге түсіп жеңімпаз атанып, жүлде алу ғана емес, ата жолын қуып, өзінен бұрынғы дәстүрлерді жалғастырып, өз жұртында бар өнерді игеріп меңгеруге, шаруашылық жүргізу қолынан келетін, ел қорғауға жарайтын батыл да өжет, шапшаң ұрпақтарды тәрбиелеудің өзіндік жүйесін өмірге әкелген.

Сондықтан ұлт ойындарын бүгінгі бала-бақша және бала-бақшадан тыс оқу - тәрбие жұмысына, әсіресе балалардың туристік іс - әрекетін ұйымдастыруға енгізудің әлеуметтік-педагогикалық негіздері белгілі бір ғылыми — педагогикалық алғы шарттарға бағындырылуы тиіс.

Бала-бақшадағы және бала-бақшадан тыс тәрбие үрдісін жетілдірудің алғы педагогикалық шарттарының бірі - өркениеттің бүгінгі деңгейіне негізделген әлеуметтік - педагогикалық талаптарға сай жастарға білім мен тәрбие беру, адам баласының өткен ұрпақтарының қол жеткізген жетістіктерінен бас тарту деген сөз емес, қайта сол көненің негізінде жаңа мазмұн мен мағыналарға жеткізілетін түрлерді дүниеге келтіру арқылы бүгінгі күн талаптарына сай жас ұрпақты тәрбиелеу мүмкіндігін пайдалану.

Ұлттық ойын элементтерін сабақтың барысында пайдалану балалардың білімді қабылдау қабілетін нақтылап, мазмұнын бала санасына жақындатады. Ал балалардың табиғи жағдайда өткізетін туристік іс - әрекеттерде (туристік жорықтарда, жарыстарда) ұлт ойындарын пайдалану тәрбие жұмысына оларды қызықтырып, еліктіре түседі.

Ұлт ойындары балалардың іс - әрекеттерінің мазмұнын байытып, нақтылаудың нәтижесінде балалардың белсенділігін жетілдіріп, жұмыс қабілеттерін жақсартады, түрлі қиындықтар мен кедергілерді еркін игеруге мүмкіндік туғызады.

М. Павловтың рефлекстік пиериясына сүйенер болсақ, барлық оқыту, тәрбие үрдісі байланыс

жүйесінің құрылымына негізделеді, ал оның қажетті шарты "Орталық ми қабығының әрекетіне" байланысты болып келеді. Олай болса, ойын қолданылған сабақ, тәрбие жұмысы балаға өзінің етене жақындығымен, түсініктілігімен ерекшеленеді.

Ойын әрекеті - өзіндік әрекет. Педагогикада өзіндік жұмыс өз алдында жеке тұрып оқыту ұсталған бола алмайды. Ал баланың ойын үстіндегі өзін - өзі жаттықтыруы, өмірді білуге деген құмарлығы, шашығуы, шындалуы, оның ақыл - ойын, дене еңбегіндегі белсенділігін арттырып, алдына қойған мақсатына жетуге деген ерік -қайратын шыңдайды, алға қарай ұмтылысын, құштарлығын оятады. Осының нәтижесінде балалардың өз бетімен ізденуі, білімді қажетсінуі өсіп, нақтылы қажеттілікке ұласады. Атап айтқанда, білім алудағы бала белсенділігі мен білімді игеруге деген санашылық (пен) ұстанымы бала дербестігін туғызып, өздігінен оқу білім алу дағдысын қалыптастырады.

Бала бала-бақша қабырғасында, бала-бақшадан тыс ұйымдарда ұжым арқылы білім айғағынан, ол әрдайым өз алдында дербес тұлға арқылы іске асқанымен, ойынға қатынасқан әр баланың алдына жеңіске деген ұмтылыс пайда болады.

Адамның қандай әрекеті болсын қоғамдық әлеуметтік қажеттіліктен туындайды. Бала өзінің қажеттігін өтеу үшін, ішкі талаптарын қанағаттандыру үшін белсенді әрекет жасайды. Баланың ойын әрекеті оның ақыл - ой, дене дамытуы үшін қажет. Баланың ойын әрекетіндегі белсенділігін дұрыс бағалап, ойын іс - әрекетінде оның белсенділігіне, білім алуға, қажетті оқумен дағдыны меңгеруге және оларды күнбе - күнгі тәжірибиеде, өмірде пайдалана білуге үйренуге баланың саналықпен істейтін әрекетіне ұластыруы шарт.

Бала белсенділігі негізінен екі түрлі: сыртқы және ішкі белсенділіктен тұрады. Сыртқы белсенділігі көбінесе ойын арқылы, қимыл, қозғалысы, әсіресе өмірлік әрекетіне байланысты болып келеді. Баланың ішкі белсенділігіне оның ойлау әрекетіндегі белсенділігі жатады.

Баланың ішкі, сыртқы белсенділігін бөле - жара, бір - бірінен ажырата қарауға болмайтыны байқалады. Нақтылап айтсақ, баланың ойы, қабылдауы, дағдысы ең сақ, баланың ойы, қабылдайы, дағдысы ең алдымен сырттан болатын әсерлердің негізінде ішкі әсерлерді туғызып, қабылдау белсенділігін арттырады. Егер сыртқы әсер солғын болса, ішкі әсердің де солғын болары сөзсіз. Сондықтан А. С. Макаренканың бала ойында қандай болса, өмірде де сондай болады, үлкендердің жұмыстағы қоғамдық өмірдегі қызметкерлігі, қайраткершілігі баланың ойынымен тең деген пікірін мындықтан алшақ деп түсіну қиын.

Ұлт ойындарымен бойында бүгінгі жас ұрпақтың бойына дарытарлық ұлттық жағымды қасиеттері ұшан - теңіз, соның бәрі әлеуметтік педагогикалық талаптарды үнемі шыңдап, қоғам талаптарына сай жастарды тәрбиелену ісіне қосар үлесі мол екені даусыз.

Қазақ халқы материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі. Сондай қомақты дүниелер қатарына ұлт ойындары да жатады. Бүгінгі заман достарымыз бен болашақ ұрпақтарымыздың оларды оқып үйреніп, өздерінің кім екендіктеріне барлау жасауына ата - бабаларының психологиялық болмысы мен ойлау жүйелеріне зер салуларына, көздеген мақсаттарына саралап, жете білулеріне, дәстүрлер жалғасын өрістетіп, өткені мен бүгінгі байланыстыра білулеріне, сөйтіп, мәңгірттік атаулыға тосқауыл қоюларына ұлт ойындары септігін тигізеді. Балалар ойын арқылы шынығып өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түседі. Ойынға халық ерекше мән берген сондықтан, халық оған тек ойын - сауық, көңіл көтеретін орын деп қана қоршаған ең басты - ел қорғауға қабілетті болашақ қайраткер, өзінің осы қасиетін шаршы топтың алдында, баршаға тең, еркін бәсекеде жеңіп алуға тиіс болған.

Ойын тегінде адам баласының ұжымдық шығармашылығының және орындалуы да көбінесе ұжымдық түрде болғандықтан, ойын үстінде жолдастық, достық қарым - қатынасқа әрекеттенуге тәрбиелеуге мүмкіндік мол.

Психолог ғалым Т. Тәжібаев өз зерттеулерінде ұзақ жылдар бойы қалыптасқан ұлттық ойындар мен спорт түрлерінің кейбір ерекшеліктерін ескілікті білдіреді деген теріс қикарысты орынды сынап отырып, олардың тәлім - тәрбиедегі, денесін машықтыру мен ақыл - ойын жетілдірудегі жеріне тоқталады. Ұлттық ойын түрлері ұрпақтың көңіл көтеруі, ойын - сауық түрлерімен шұғылдануымен ғана шектелмей, олар сол халықтың салт санасын, дәстүрін, тұрмысын білдіретін әрекет екендігін көрсетеді. Кез келген ойынның түр сипаты халықтың тіршілік тынысын бейнелейтін құбылыс.

ШҚО білім басқармасы**Өскемен қаласы бойынша білім бөлімінің****"№100 балабақша бөбекжайы" ҚМҚК****Кенжебекова Айгерім Кенжебекқызы**

Ұлттық тәрбие негізі – балабақшада

Тәрбиенің негізі отбасында қалыптасады дегенмен мұнан кейін балабақшаның да ролі зор. Ұлттық тәрбиеден салт –дәстүр ауыз әдебиетінен нәр алып өскен ұрпақ қай кезде де аталар аманатына адал боларына кәміл сенеміз. Ұлттық салт-дәстүрді мәдениетпен өнерді насихаттау – тәрбиенің төресі.

Бала көкпар, бәйге, қыз қуу, теңге алу, асық ату, аударыспақ т.б ойындарымыз арқылы қазақи қайнардан тәлім алса ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өседі. Балабақшадағы сәбилерге жоғары деңгейдегі ұлттық сана сезімді, рухани мұраларға және ұлттық мәдениетке деген құндылықтарды, отансүйгіштік, ұлттық намыс сезімдерін қалыптастырады. Балабақшадағы ұлттық тәрбие берудің мақсаты: Ұлтжандыққа отансүйгіштікке, тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін терең меңгеруге, ана тілін қадірлеуге үйрету. Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің міндеті ата бабамыз қолданған үрдіс пен бүгінгі жаймен саралап, халықтық педагогиканың асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруді қилыстыру.

Балабақшадағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі тәрбиеленуші сәбилерді рухани ізгі қасиеттерге баулып, тәрбиенің көздері ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеуге халықтың салт –дәстүрлерін аялай білуге ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу болып табылады. Сәбилердің жас ерекшелігін ескере отырып елін жерін қорғауда атадан балаға мирас болып қалған тарихын салт-дәстүрін, ана тілін қастерлеу, үлкенге –құрмет кішіге ізет көрсетуін мұра етіп, тәуелсіз еліміздің парасатты адамгершілігі биік білімді азаматтарын тәрбиелеуде адами қасиеттерді қамтып білімді ұлттық қасиетті түсінетін тұлға тәрбиелеу. Қайырымдылықты– халықтан, пайымдылықты- қариядан үйрен деген ұлтымыздың тал бесіктен жер бесікке дейінгі екі аралықтағы өмірінің мәні боларлық адами қасиеттермен әдет ғұрыпты оқу қызметін ұйымдастыруда үйреніп, алдағы өмірлерінде арқау болатынын ұғындыру. Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз. Серғазы Қалиев этнопедагог, профессор: – Ұлттық тәрбиені балабақшадан бастауымыз керек. «Не ексең, соның орасың» демекші, балаларымызды қандай жолға бастасақ, олардың сол бағытты алатыны белгілі. Ал біздің ата-бабаларымыздан қалған асыл мұрамыз – тәрбиеміз қазақтан басқа ешкімде жоқ үлгі.

Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет: – белсенді қарым-қатынас: баламен тәрбиешінің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы; – индивидтік: тәрбиешінің әр жеке баланың ерекшелігін дамытуы, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы; – өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды, шешім қабылдауды үйрену және оны дамыту; – шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені беруде, ұйымдастырылған оқу қызметінің мәні неде? 1. Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі– адамның қалыптасуы, тұлғаның өз

мәдениетінің субъектісі болуына көмектесу, шығармашылық өмірге үйрету. 2.Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі сырттан келетін тәрбиелеу емес, адам бойынан адамдықты табу,оны қолдау және дамыту негізінде өзін-өзі реттеуге, тәрбиелеуге әкеледі. Сол арқылы өзіндік болмысы, санасы бар тұлғалық бейне қалыптасады. 3.Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі— адамның дене және рухани денсаулығы, адамгершілігі, бостандығы. Ол – тұлғаны түсіну,өзара түсіністік, ынтымақтастық қарым-қатынастың, салауатты өмір мен парасаттылықтың, өзіндік қатынастың негізін қалау. 4.Бала тұлғасына ұлттық тәрбиені ұйымдастырылған оқу қызметі тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталады.Сондықтан оның мазмұны баланың өзін тұлға ретінде дамыту үшін, өз өмірінің субъектісі болу үшін жағдай туғызуға негізделеді..

Біз өзіміз, яғни тәрбиешілер қауымы қазақ халқының ұлттық салт –дәстүрін толық білеміз бе? Осы төңіректе біз ойланып көрейікші. Халқымыздың әдет ғұрыпын, салт-дәстүрін, ата-ана, тәрбиеші өзі толық білмей тұрып, балаларға ұлттық тәрбие беруі мүмкін емес. Қай заманда болсын, ұлттық өрлеудің халықтық қалыптасудың ең негізгі шарты –білім. Ұлттық тәрбиенің өрісі мен өресі –бүгін де, ертең де, халық үшін көкейтесті мәселе .Ұлттық мәдениет болмаса ұлт сақталмайды. Ал балабақша ұлттың да, ұлттық мәдениеттің де, өмір сүруімен дамуының алғашқы баспалдағы болып саналады.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа-адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші роль атқарады. Сондықтан да қазіргі кезде халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт дәстүрі мен әдет ғұрыптарын қымбат қазына ретінде бағалап балабақшадағы тәрбие жұмысын кешенді ұйымдастыру жағына көңіл бөлуіміз қажет. Адам баласы дүниеге келген күннен бастап үнемі салт-дәстүр аясында өседі . Бала тәрбиесінде халықтық, тұрмыстық салт-дәстүрдің туу себептерін, даму ерекшеліктерін ашып көрсетудің тәрбиелік мәні зор. Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың жас ерекшеліктеріне сай ата –баба дәстүрі мен халықтық педагогиканы басшылыққа алып, тәрбие жұмысын ғылыми негізде ұйымдастырып, ұтымды жүргізе білуіміз қажет.



**Атырау облысы, Индербор ауданы
М. Әуезов мектебі
Тарих - география пәні мұғалімі
Кизатова Майра Каскирбаевна**

Қазақстанның табиғи ресурстары және олардың географиялық зерттеулердегі маңызы

Қазақстан — табиғи ресурстарға бай ел, оның географиялық орналасуы мен табиғи байлықтары әлемдік деңгейде айтарлықтай маңызға ие. Осы байлықтар тек елдің ішкі қажеттіліктерін ғана емес, сондай-ақ халықаралық экономика мен экологияға да елеулі ықпал етеді. Қазақстанның табиғи ресурстарының көптүрлілігі мен олардың географиялық зерттеулердегі маңызы бүгінгі күні үлкен мәнге ие, себебі бұл ресурстар елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, экологиялық жағдайына және әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

Қазақстанның аумағында көптеген табиғи ресурстар бар, олардың ішінде минералды қазбалар, су ресурстары, ормандар, топырақ және биоәртүрлілік ерекше орын алады. Минералды қазбалар Қазақстан экономикасының негізін құрайды. Елдің кен орындары әлемде ең ірілерінің қатарында саналады, мұнда әсіресе уран, мыс, алтын, қорғасын және мырыш өндірісі дамыған. Қазақстан әлемде уран өндіру бойынша көшбасшы елдердің бірі болып табылады. Уранның шоғырланған жерлері, мысалы, Шығыс Қазақстандағы кен орындары, тек елдің экономикасына ғана емес, бүкіл әлемге де маңызды. Географиялық зерттеулер осы ресурстардың орналасуы, таралу заңдылықтары, өндіру тиімділігін арттыру үшін қажетті ақпаратты береді. Бұдан басқа, Қазақстандағы басқа минералды ресурстар, мысалы, көмір, мұнай мен газ, елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және елдің халықаралық аренадағы стратегиялық маңызын арттырады.

Қазақстанның су ресурстары да ерекше назарға алынуы тиіс. Су тапшылығы Қазақстан үшін өзекті мәселе болып табылады. Елдің өзендері мен көлдері, әсіресе Ертіс, Іле, Жайық және Сырдария өзендері, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің дамуына қажетті негізгі су көздерін құрайды. Сонымен қатар, бұл су ресурстарының географиялық зерттеулері су балансының сақталуы, су тапшылығының алдын алу, су көздерін тиімді пайдалану мәселелерін шешуге бағытталған. Су ресурстарын дұрыс пайдалану — Қазақстанның аграрлық секторында жемісті нәтижелерге қол жеткізу үшін маңызды фактор болып табылады. Су экологиясын сақтаудағы географиялық зерттеулер болашақтағы экологиялық дағдарыстардың алдын алу үшін қажетті ғылыми негіз болмақ.

Қазақстанның орман ресурстары да үлкен маңызға ие, бірақ олардың көлемі басқа елдермен салыстырғанда аз. Ормандар негізінен елдің таулы аймақтарында орналасқан. Бұл ормандардың экологиялық маңызы өте зор, өйткені олар топырақтың эрозиясын болдырмайды, ауаның тазартылуына көмектеседі және биоәртүрлілікті сақтайды. Қазақстандағы ормандардың географиялық зерттеулері олардың экологиялық функцияларын анықтап, орман шаруашылығын тиімді басқару жолдарын ұсынады. Ормандардың сақталуы, сондай-ақ орманның тұрақты түрде пайдалану әдістері экологиялық тұрғыдан өте маңызды.

Қазақстанның топырақ ресурстары да ауыл шаруашылығын дамыту үшін аса маңызды. Еліміздің аумағында шөлейтті және дала аймақтары көп, бірақ егіншілік пен мал шаруашылығы үшін қолайлы жерлер де бар. Солтүстік және Оңтүстік Қазақстанның топырақ құрылымы егіншілік үшін жақсы жағдайлар жасайды. Географиялық зерттеулер топырақтың құнарлығын сақтау, оның эрозиясын болдырмау, сондай-ақ өнімділікті арттыру жолдарын қарастыру үшін маңызды болып табылады. Ауыл шаруашылығының тиімділігі топырақтың жағдайына тікелей байланысты болғандықтан, географиялық зерттеулер осы салада маңызды шешімдер қабылдауға ықпал етеді.

Қазақстанның табиғи ресурстарын тиімді пайдалану мен қорғау — экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін қажет. Елдің табиғи байлықтарын зерттеу экологияның жағдайын жақсарту, табиғатты қорғау шараларын енгізу, ресурстарды тиімді пайдалану мен оларды болашақ ұрпақтарға сақтау үшін аса маңызды. Қазақстанның биоәртүрлілігі де ерекше орын алады, өйткені оның аумағында әр түрлі экожүйелер бар. Орманды, дала мен шөлейтті аймақтардың барлығы өзіндік табиғи тепе-теңдік сақтауды қажет етеді. Географиялық зерттеулер биоәртүрлілікті қорғау, экологиялық туризмді дамыту, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ғылыми негіздерді қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, Қазақстанның табиғи ресурстарының географиялық зерттеулердегі маңызы зор. Бұл ресурстарды дұрыс пайдалану елдің экономикалық дамуы мен экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін өте маңызды. Географиялық зерттеулер табиғи ресурстардың тиімді пайдаланылуын, қоршаған ортаның сақталуын, сондай-ақ еліміздің халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруда шешуші рөл атқарады. Қазақстанның табиғи байлықтары дұрыс басқарылған жағдайда, олар елдің болашақта тұрақты даму жолында үлкен рөл атқарады.



Түркістан облысы, Жетісай ауданы
«Әл - Фараби атындағы № 12 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Қосымша білім беру педагогы
Жунисова Жазира Калабаевна

Ырым тыйым – әдептілік негізі

Біз қазақ халқы сан ғасырлық тарихымыз бар, ұлан-ғайыр даламыз бар, өз мәдениетіміз бар ұлтпыз. Бүгінгі тақырыбымызда өз ұлтымыздың мәдениетін қалыптастыру бойынша, оның ішінде әдептілігіне негіз болар ырым-тыйымдарымыз туралы болмақ.

Қазақ халқы бала тәрбиесіне мән беріп, оның ырым – тыйымдарын, салт-дәстүрін ерекше сақтаған. Қазақ баланы ғылым жоқ заманда «ұят болады», «жаман болады», «обал болады» деп, қарапайым қағидалармен тәрбиелеген.

«Ұят болады» деп әдепке үйретсе, «жаман болады» деп жақсы нәрсеге ырымдап, «обал болады» деп тыйым жасап отырған.

Әдептілік – адам бойындағы жағымды қасиеттері, оның қоғамда қабылданған әдеп талаптарын мінсіз орындауы. Әдептің негізі жақсы болмаққа ниеттене бет бұрып, жамандықтан, ерсі әрекеттен тыйылудан тұрады.

Ертеде сұлулықпен ұсқынсыздық теңіз жағасында кездесіп қалыпты. Екеуі көлге түсіп шомылайық деп келіседі. Шомылып жүргенде ұсқынсыздық судан ертерек шығады да сұлулықтың киімін киіп алып кетіп қалады. Суда қалған сұлулыққа амалсыздан ұсқынсыздықтың киімін киюге тура келеді. Содан бері жұрт сұлулық пен ұсқынсыздықты шатыстыратын болыпты. Сондықтан да сұлулықты сыртына қарап емес, ішіне қарап тану керек.

Әрине, адамда сырты мен іші, сөзі мен ісі үйлескен сұлулық болғанға не жетсін?! Көбінесе, жан сұлулығы адамның сөзі мен іс-әрекетінен көрінеді. Қазақ оны әдеп-ибасы бар, тәрбиелі, мәдениетті жан деп баға береді.

Ырым – жақсылықтан өнеге алып, оған жету үшін жасалатын әрекет. Жалпы айтқанда, ырым – халықтың сенімі мен ақ ниетінен, шын көңілінен туған ұлттық ерекшелігіміз.

Ырымның жолдары мен түрлері өте көп. Мысалы халқымыз шешен болсын деп, дуалы ауызды адамға баласының аузына түкірту, отаншыл болсын деп туған жерге аунату, ержүрек болсын деп батырдың сарқытын жегізу немесе оның атын қою сияқты ырымдар бар.

Қандай да бір той-жиын, келін түсіруде балаларды осындай қуанышқа жетсін деп ырымдап, тойдан сарқыт: нан, бауырсақ, кәмпит алып, баласына немесе келініне апарып береді. Халықта жасы 100-ге жеткен адамның киімін, ұстаған затын осындай жас берсін – «теберік» деп үлестіріп, бөліп алу.

Ер бала күтетіндігін білдіріп, қыздардың атын Ұлжан, Ұлбала, Ұлбосын деген есімдермен ырымдаған. Жаманбала, Жаманқұл дегендей қолайсыз ат қойса, өмірлі болады деп ырымдаған. Себебі, бір жағынан адамның есімі таңғалардай әдемі, әсерлі болса, есімге де көз тиеді деп сақтанған.

Бала бас ұстамайды.

Балаға ми жегізбеген

Омыртқаның жұлынын жесе

Нанның қиқымын жесе

Үйге кіріп келе жатқан бала есік алдына құлап қалса

Қыздың басына ақ, қара орамал салмайды.

Жас балаға бұғана ұстатпайды.

Қызға жілік ұстатпайды.

Сәби көзін ашып ұйықтаса – жары сұлу болады.

Халқымыздың ғасырлар бойы жасасып, бізге жеткен асыл мұралардың бірі – тыйым сөздер. Олардан халқымыздың әдет-ғұрпы, наным-сенімін ғана біліп қоймай, бойымызға тәлім-тәрбие сіңіреміз. Тыйым сөздер мазмұны мен мақсатына қарай тұрмыстық-шаруашылық, еңбек, мәдени-гигиена, экологиялық тәрбие, әдеп мәдениетіне тәрбиелейді.

Ежелгі халықтардың туған топырақ, атамекен, табиғат, жан-жануарлар туралы ұғым-түсініктері, таным-талғамдары ырымдар мен тыйым сөздерден ерекше орын алған. Олар негізінен жер мен суды, өсімдіктерді, құстар мен жануарларды, аңдар мен жәндіктерді қорғауға, оларға рақымшылық етуге,

обал, сауап дегенді сезінуге тәрбиелейді.

- Танысын, танымасын үлкен кісіге сәлем бермей өтпейді.
- Келе жатқан адам отырған адамға сәлем беруі тиіс
- Жақсы көретін, сыйласқан адамдарға алыс-жақын тұрғанына қарамай әдейі барып сәлемдеседі.
- Адамдар өтетін жерге, керуен жолына тұруға болмайды.
- Орынсыз жерде күлмейді.
- Көпшілікке қарап түшкірмейді, есінемейді, кекірмейді.
- Өзінен жасы үлкен адамдардың атын атамайды.
- Сыйлаған затын қайтып алмайды.
- Біреудің затына, малына, дүние-мүлкіне сұқтанбайды.
- Көп ішінде қатты күлмейді, дауыстап сөйлемейді.
- Жұрт жұмысқа жұмылып жатқанда, кекірейіп тұрмайды.
- Жасы үлкен адамның алдын кесіп өтпейді.
- Жасы үлкен кісілерге, танымайтын адамдарға “сен” демейді.
- Жасы үлкен адамдар отырған жерде жастар қисаймайды, жатпайды.
- Көпшілік отырған жерде көз қысу, саусақ шығару, ерсі қимылдар жасау ұят.
- Көпшілік ортасында көсіліп аяғын созбайды, талтаймайды.
- Адаммен теріс қарап сөйлеспейді.
- Ата-анаға қарсы сөз айтпайды.
- Бүйірін таянбайды.
- Сәбиді жаман іс жасауға, өтірік айтуға үйретпейді.
- Үй ішінде түрегеп тұрмайды.
- Су алатын жерге шомылмайды.
- Кемтар адамның алдында дене мүшесінің кемдігі туралы әңгіме айтпайды. Білетін адамдардың қуанышты, қайғылы істеріне үнсіз қалуға болмайды.
- Аққуды атпайды.
- Құстың ұясын бұзбайды.

"Зере" әжелер мектебінің мүшелерімен 7-8 сынып қыздарына арналған "Ырым-тыйым - әдептілік негізі" тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

"Даналық мектебы" клубының жоспарына сәйкес және тәрбие жұмыс жоспарына сай мектебімізде танымдық-тәрбиелік шара өткізілді.

Мақсаты: Іс-шараның мақсаты қыз бала тәрбиесін халқымыздың ұлттық салт-дәстүрлері негізінде жүргізу және оны бүгінгі әжелер тәрбиесінің ұлттық құндылықтарымызды дәріптеудегі маңызын ұғындыру, адамгершілікке, инабаттылыққа және мейірімділікке тәрбиелеу.

Іс-шараға Ақ жаулықты әжелер шақырылып, қыз балаларға «Ырым тыйым – әдептілік негізі» тақырыбында тағылымды әңгімелер айтылды.

Ұрпақ бойына әже тәрбиесін сіңіру маңызды. Ұрпақ бойына әже тәрбиесін сіңіру маңызды. Даналықтың кені болған әжелеріміз сұрақтарға жауап беріп қыздарымызға ырым, тиымдардың маңызы туралы әңгімеледі.

Ата көрген-оқ жонар, әже көрген тоң пішер демекші, іс-шара барысында «Әдептілік дегеніміз не?», «Ырым дегеніміз не? Ырым әдептілікке жата ма?», «Тыйым дегеніміз не? Қазіргі заманда біздің өмірімізге тыйымдардың қажеті бар ма?», «Қандай тыйымдарды білесіз? Оның тәрбиелік мақсаты неде?» сынды сұрақтар аясында диалог орнап, әжелер өздерінің өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, қыз балалардың бойында қандай тәлім-тәрбие, қасиет болу керек екендігі, қазақтың ырым, тиымдары туралы өнегелі әңгімелерімен бөлісті. Қыз баланың бойына жастайынан ұлттық құндылықты сіңіруде үлкендердің рөлі ерекше. Сол себепті әжелерді таптырмас тәрбие мектебі дейміз.

